**Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 ақпандағы N 111-1 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы N 216 Жарлығының 2-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар:

1) Жоспардың тиесілі және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жылына екі рет жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 15 қаңтар мен 15 шілдеге қарай Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жылына екі рет жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 30 қаңтар мен 30 шілдеге қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі А.Е.Мусинге жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 ақпандағы N 111-1 қаулысымен бекітілген

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.07.17. N 704, 2009.11.10 N 1803 Қаулыларымен.

# Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

| Р / с N | Іс-шараның атауы | Аяқтау нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1 . Нормативтік-құқықтық, институционалдық және кадрлық қамтамасыз ету 1.1. Орнықты дамудың нормативтік-құқтық базасы** | | | | |
| 1.1.1. | Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық базасына орнықты дамуды қамтамасыз етуге бағыт-талған өзгерістер енгізу қажеттілігі мәніне талдау жүргізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині | 2008 жылғы IV тоқсан |
| 1.1.2. | Қазақстан Республикасының орнықты даму, оның ішінде жаңартылатын ресурстар мен энергияның балама көздері мәселелері бойын-ша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), Еңбекмині, ЭБЖМ, ДСМ, ЭМРМ | 2007 жылғы II тоқсан |
| **1.2. Институционалды қамтамасыз ету** | | | | |
| 1.2.1. | Орнықты даму саласындағы уәкілетті органды айқын-дау жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині | 2007 жылғы II тоқсан |
| 1.2.2. | Орнықты даму проблемалары бойынша орталық құру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині | 2007 жылғы IV тоқсан |
| 1.2.3. | Энергия және ресурс үнемдеу және жаңартылатын энергия көздерін қолдану-да халықаралық тәжірибені таратуды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ЭМРМ | 2008 жылғы II тоқсан |
| 1.2.4. | Еуразиялық су орталығын құру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ | 2008 жылғы IV тоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1.2.5. | Мемлекеттік органдар мен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар қызметінің орнықты даму қағидаттары-на сәйкестігін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ИСМ | 2007 жылғы IV тоқсан |
| **1.3. Орнықты даму үшін кадрлар даярлау** | | | | |
| 1.3.1. | Орнықты даму саласында мамандар даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | БҒМ (жинақ-тау), Қоршаған-ортамині, АШМ | 2007 жылғы IV тоқсан |
| 1.3.2. | Орнықты даму мәселелерін оқу бағдарламаларына және жоспарларына кірік-тіру жөнінде шаралар қабылдау | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | БҒМ | 2009 жылғы 15 шілде |
| **2. Стратегиялық жоспарлар және даму тетіктерін кіріктіру** | | | | |
| 2.1. | Орнықты дамуға көшудің орта және ұзақ мерзімді өңірлік жоспарларын әзірлеу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2009 жылғы 30 шілде |
| 2.2. | Орнықты даму индикатор-ларының ғылыми негіздел-ген жүйесін әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), СА, ЭМРМ, ДСМ | 2008 жылғы IV тоқсан |
| 2.3. | Орнықты дамудың индика-торларына қол жеткізу мониторингін жүргізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), СА | 2009 жылғы 30 шілде |
| 2.4. | Энергияны және жаңартыла-тын ресурстарды тиімді пайдалану жөнінде ұсынys-тар дайындау | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ЭМРМ, ЭБЖМ, АШМ | 2008 жылғы I тоқсан |
| 2.5. | Қазақстан Республикасы-ның орнықты дамуға көшу прогресі туралы жыл сайынғы есепті дайындау | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне есеп | Қоршаған-ортамині (жинақтау), СА, ЭБЖМ, ИСМ, ДСМ, Еңбекмині | I тоқсан жыл сайын |
| **3. Өңірлердің орнықты дамуы** | | | | |
| | Экожүйелік (бассейндік) қағидат бойынша оны зон-дылау, шекті антропоген-дік жүктемені айқындау | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.1. | және аумақ пен ресурстарды оңтайлы пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағына кешенді зерттеу жүргізу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині | 2009 жылғы I тоқсан |
| 3.2. | Бассейндік қағидат бойынша орнықты экожүйелік дамудың мынадай сегіз аймағы үшін орнықты дамуға көшу жөніндегі іс-шаралардың өңірлік жоспарларын әзірлеу: Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Ертіс, Есіл, Жайық-Каспий, Нұра-Сарысу, Тобол-Торғай, Шу-Талас | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | Қоршаған-ортамині (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларыныңәкімдері | 2009 жылғы IV тоқсан |
| **4. Қоғамның орнықты дамуы**<br>**4.1. Демографиялық саясат** | | | | |
| 4.1.1. | Сәби мен ананың өлім-жітімін төмендету мақсатында ұрпақты болу денсаулығын жақсарту жөнінде шаралар қабылдау | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | ДСМ | 15 қаңтарға, 15 шілдеге жыл сайын |
| 4.1.2. | Халық өмірінің орташа ұзақтығын ұлғайту мақсатында егде жастағы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі геронтологиялық шараларды әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз ету | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | ДСМ (жинақтау), Еңбекмині | 15 қаңтарға, 15 шілдеге жыл сайын |
| **4.2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау** | | | | |
| 4.2.1. | Өнеркәсіптік кәсіпорындарда қауіпсіздіктің және еңбекті қорғаудың халықаралық стандарттарын енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | Еңбекмині (жинақтау), ИСМ | 15 шілдеге жыл сайын |
| 4.2.2. | Қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін таратуға және жұмыс берушілердің де, жұмысшылардың да қауіпсіздік талаптарын сақтауына жауапкершілігін арттыруға әдістемелік тәсілдерді әзірлеу | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | Еңбекмині | 2009 жылғы 15 шілде |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4.2.3. | Қатерлерді бағалау және оларды басқару жүйесін әзірлеу | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | Еңбекмині (жинақтау ), ТЖМ | 2009 жылғы 15 шілде |
| 4.2.4. | Қауіпсіздік нормаларының сақталуына мемлекеттік бақылауды күшейту жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Еңбекмині (жинақтау ), ТЖМ | 30 шілдеге жыл сайын |
| 4.2.5. | Өндірістік объектілерде қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың тәуелсіз аудит-ін енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне есеп | Еңбекмині | 2009 жылғы IV тоқсан |
| **4.3. Кедейшілікпен күрес және әлеуметтік жіктелудің алдын алу** | | | | |
| 4.3.1. | Әлеуметтік жәрдемақылар алу кезінде төрешілдік рәсімдерді оңайлатуды, жұмыспен қамту саясатын жетілдіруді қоса алғанда, халықты әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесін арттыру жөнінде шаралар қабылдау | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | Еңбекмині (жинақтау ),Әділетмині, ЭБЖМ, обл-ыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 15 шілдеге жыл сайын |
| 4.3.2. | Кедейшілік проблемаларын шешуде ел өңірлеріндегі бизнес-қоғамдастықты тарту жөнінде шаралар қабылдау әкімдері | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Облыстар-дың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 30 шілдеге жыл сайын |
| **4.4. Азаматтық қоғамды дамыту** | | | | |
| 4.4.1. | Қоғамдық бірлестіктердің қызметі арқылы халықтың азаматтық санасын тәрбие-леу жөніндегі жұмыстың мониторингін жүргізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), Мәдениет-мині | 30 шілдеге жыл сайын |
| 4.4.2. | Орнықты дамуға көшуді қамтамасыз ету үдерісін-де жұртшылықтың рөлін күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), Мәдениет-мині | 2008 жылғы IV тоқсан |
| **4.5. Мәдениет және ақпарат** | | | | |
| 4.5.1. | Бұқаралық ақпарат құрал-дары жұмысында патриоттық бағыттылық пен кәсіби мәдениетті арттыру жөнін-де ұсыныстар енгізу | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | Мәдениет-мині | 2008 жылғы IV тоқсан |
| **4.6. Білім беру және ғылым** | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4.6.1. | Елімізде халықаралық деңгейдегі элиталық оқу орындарын және студенттер қалашықтарын (кампустар) құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | БҒМ | 2007 жылғы III тоқсан |
| 4.6.2. | Ғылым мен өндірістің байланысын іске асырудың маңызды шарты ретінде ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ (жинақ-тау), БҒМ | 2008 жылғы IV тоқсан |
| 4.6.3. | Отандық ғылыми жетістік-терді тәжірибеге енгізу үшін ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | БҒМ | 2008 жылғы IV тоқсан |
| 4.6.4. | Технологиялық институт-тар, оның ішінде өңірлік деңгейде, политехникалық колледждер, кәсіптік-техникалық училищелер, оқу-курстық комбинаттар жүйесін дамыту жөнінде шаралар кешенін әзірлеу | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | БҒМ (жинақ-тау), ИСМ, ЭМРМ, облыс-тардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2008 жылғы 15 қаңтар |
| **5. Орнықты экономикалық прогресс**<br>**5.1. Ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру** | | | | |
| 5.1.1. | Өңдеуші сектордың үлесін біртіндеп ұлғайта отырып, экономиканы құрылымдық қайта құру мүмкіндігіне талдау жүргізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне есеп | ИСМ (жинақ-тау), ЭМРМ, ЭБЖМ | 2008 жылғы I тоқсан |
| 5.1.2. | Қазақстан Республикасына енгізу үшін шетел аналог-тарынан озатын басым "серпінді технологияларды" белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ИСМ, БҒМ, ЭМРМ | 2008 жылғы IV тоқсан |
| 5.1.3. | Жер, су, орман, минерал-дық және өзге де ресурс-тарды экологиялық пайда-ланудың әдістерін қоса алғанда, табиғатты пайда-лануға қазіргі заманғы ғылыми негізделген тәсілдерді енгізудің әлемдік үрдістеріне талдау жүргізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині | 2008 жылғы IV тоқсан |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.1.4. | Қазақстан Республикасының жағдайы үшін ресурстарды пайдалану тиімділігінің көрсеткішін арттырудың ғылыми негізделген моделін әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ, ЭМРМ | 2009 жылғы 30 шілде |
| 5.1.5. | Ескірген технологияларды және жабдықтарды әкелуді қысқарту және қазіргі заманғы технологияларды пайдалануды ынталандыру жөнінде шаралар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ (жинақтау), Қоршаған-ортамині, БҒМ, ЭМРМ, АШМ | 2009 жылғы IV тоқсан |
| 5.1.6 | Ұлттық экономика құрылымында табиғи ресурстарды пайдаланатын кәсіпорындар үлесін қысқарту, ғылымды қажетсінетін табиғатты сақтаушы жоғары технологиялық өндірістерді дамыту жолдарына талдау жүргізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ИСМ, ЭБЖМ, БҒМ, АШМ, | 2009 жылғы IV тоқсан |
| 5.1.7. | Табиғи ландшафтарға бейімделген ауыл шаруашылығы жерлерін жайластыру және ауыл шаруашылығын жүргізу жүйелерін енгізу, экологиялық таза ауыл шаруашылығы технологияларын дамыту, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде табиғи құнарлылықты сақтау және қайта қалпына келтіру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | АШМ (жинақтау), ЖРА | 2009 жылғы 15 шілде |
| 5.1.8. | Табиғи ресурстарды заңсыз пайдаланудың барлық түрлерін, браконьерлікпен күресу мен объектілердің және биологиялық ресурстар өнімінің заңсыз айналымының алдын алу және жолын кесу жөніндегі жұмысты күшейту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ, ІІМ | 30 қаңтар, 30 шілдеге жыл сайын |
| 5.1.9 | Шаруашылық қызметтің барлық саласында ресурс үнемдейтін және қалдықсыз технологияларды енгізуді ынталандыру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ИСМ, ЭМРМ, АШМ | 2009 жылғы II тоқсан |
| 5.1.10 | Ресурстарды ұтымды пайдалану шараларын заңнамалық қамтамасыз | Қазақстан Республика- | Қоршаған-ортамині (жинақтау), | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ету жөнінде ұсыныстар енгізу | сының Үкіметіне ұсыныстар | ЭМРМ, ИСМ | 2008 жылғы 4 тоқсан |
| 5.1.11. | Мыналар:<br>көліктің және көліктік коммуникацияның, отынның, оның ішінде көміртекті емес экологиялық қауіпсіз түрлерін жаңғырту және дамыту;<br>ірі қалаларда негізгі жылжу түрі ретінде экологиялық қауіпсіз қоғамдық көлікке көшу; тұрғын үй-коммуналдық кешендерді салу мен қайта жаңартудың экологиялық қауіпсіз технологияларын дамытуды негіздеу жөнінде шаралар әзірлеу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ККМ, ЭМРМ, ҚІжТКША | 2009 жылғы 30 шілде |
| **5.2. Орнықты және серпінді технологияларды енгізу** | | | | |
| 5.2.1. | Өзінің көрсеткіштерімен отандық та, шетелдік аналогтардан озатын "серпінділер" санатына технологияларды жатқызу өлшемдерін әзірлеу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне есеп | Қоршаған-ортамині (жинақтау), БҒМ | 2007 жылғы 4 тоқсан |
| 5.2.2. | "Басқаруды ұйымдастыру", "Қасиеті бар су", "Білім беру", "Тұрғын үй", "Сымды көлік", "Энергия", "Нанотехноло-гияларды басқару" атты бағыттар бойынша серпінді технологиялар негіздеме-сін пысықтау | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), БҒМ, КІжТКША, ККМ, ЭМРМ | 2009 жылғы 30 шілде |
| 5.2.3. | Өндіріс пен тұтынудың орнықты моделін енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ, (жинақтау), ЭМРМ, Қоршаған-ортамині | 2007 жылғы 4 тоқсан |
| **5.3. Жаңартылатын ресурстар мен балама энергия көздерін үнемді және ұтымды пайдалану** | | | | |
| | Энергия үнемдеу, гидро-энергетикалық ресурстар, күн және жел энергетика-сының объектілерін және | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.3.1 | басқа да жаңғыртылатын ресурстар мен балама энергия көздерін ұтымды пайдалануды ынталандыру шараларын әзірлеу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортаминіне (жинақтау), ЭМРМ, АШМ | 2008 жылғы 3 тоқсан |
| 5.3.2 | Қазақстан Республика-сында мемлекеттік мекемелердің әкімшілік ғимараттарын энергиямен жабдықтаудың балама көздеріне көшіру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ЭМРМ | 2008 жылғы 2 тоқсан |
| **6. Экологиялық орнықтылық<br>6.1. Табиғи ортаны сақтау және қалпына келтіру** | | | | |
| 6.1.1. | Экологиялық орнықтылық индексі негізінде экологиялық орнықтылық мониторингін жүргізу және Қазақстан Республи-касы үшін экологиялық орнықтылықтың Йель индексін артыру жөнін-дегі шараларды әзірлеу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині | 30 шілдеге жыл сайын |
| 6.1.2. | Табиғатты пайдалануды басқаруда экожүйелік тәсілді енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ | 2009 жылғы 4 тоқсан |
| 6.1.3. | Геоақпараттық техноло-гияларды пайдалана отырып, қоршаған орта мониторингі жүйесінің проблемалық-бағдарлы моделін әзірлеу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині | 2009 жылғы II тоқсан |
| 6.1.4 | Жер және су ресурстары-ның тозуының, ластануы-ның және әуе бассейнінің ластануының алдын алуға бағытталған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық, республика-лық және өңірлік бағдар-ламаларды іске асырудың тиімділігіне талдау жүргізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ | 30 қаңтарға, 30 шілдеге жыл сайын |
| 6.1.5. | Қолданыстағы халықаралық шарттардың шеңберінде климатқа және Жердің озон қабатына антропо-генді әсер етуді азайту | Қазақстан Республика- | Қоршаған-ортамині | 2009 жылғы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жөніндегі шараларды қамтамасыз ету | сының Үкіметіне ақпарат | | 3 0 шілде |
| 6.1.6. | Биологиялық әртүрлілікті сақтауға және оларды орнықты пайдалануға арналған шараларды жүзеге асыру | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ | 2009 жылғы 3 0 шілде |
| 6.1.7. | Табиғи жүйелердің тұтас-тығын сақтау және қалпына келтіру жөніндегі шара-ларды қабылдау, оның ішінде гидротехникалық құрылыстарды, автомобиль және темір жолдарын, газ және мұнай құбырларын, электр беру желілерін және өзге де желілік құрылыстарды құру кезін-дегі шаруашылық қызметі үдерісінде олардың фрагментациялануының алдын алу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ККМ, ЭМРМ | 3 0 шілдеге жыл сайын |
| 6.1.8. | Антропогендік қызметпен бұзылған аумақтарды қалпына келтіру жөніндегі жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині | 2009 жылғы 3 0 шілде |
| 6.1.9. | Өндірістік объектілердің тіршілік ету циклі аяқталғаннан кейін табиғи ландшафтарды толық қалпына келтірудің міндетті талабын заңнамалық бекіту жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині | 2008 жылғы 2 тоқсан |
| 6 . 1 . 10. | Экологиялық зілзала аймақтарын, зымыран-ғарыш полигондарын және әскери-сынақ кешендерін оңалту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині, АШМ, ТЖМ | 3 0 қаңтарға жыл сайын |
| 6 . 1 . 11. | Каспий теңізінің қайраны мен оған жақын аумақтар-дың ластануының алдын алу жөніндегі іс-шара-ларды жүзеге асыру | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ | 3 0 қаңтарға жыл сайын |
| **6.2. Химиялық заттарды басқару жүйесін қалыптастыру** | | | | |
| 6.2.1. | Қазақстан Республикасы-ның тұрақты органикалық ластаушылар туралы ұлт- | Қазақстан Республика-сының Үкіметі | Қоршаған-ортамині | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тық жоспарын бекіту және іске асыру | қаулысының жобасы | (жинақтау), АШМ, ИСМ | 2009 жылғы 4 тоқсан |
| 6.2.2. | Тұрақты органикалық ластаушылардың әдейі жасалған көздеріне егжей-тегжейлі түгендеу жүргізу және жерді қалпына келтіру жөнін-дегі пилоттық жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині | 2009 жылғы 30 шілде |
| **6.3. Қоршаған ортаның халық денсаулығына теріс әсерін азайту** | | | | |
| 6.3.1. | Елді мекендердің аумағында қоршаған орта сапасының санитарлық-гигиеналық нормативтерін халықаралық стандарт-тармен үйлестіру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ДСМ, облыс-тардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2009 жылғы 4 тоқсан |
| 6.3.2. | Тұрғын үй ортасы жай-күйін, әсіресе радио-активті параметрлер бойынша бақылау жөніндегі шараларды күшейту | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | ДСМ (жинақтау), Қоршаған-ортамині | 2009 жылғы 15 шілде |
| **6.4. Төтенше экологиялық жағдайлар мен экологиялық терроризмнің алдын алу** | | | | |
| 6.4.1. | Теріс экологиялық салдары бар төтенше жағдайлар кезінде халық-ты өзін-өзі ұстау ереже-леріне, сақтану қимылда-ры мен тәсілдеріне оқыту жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | ТЖМ (жинақтау), Қоршаған-ортамині, облыс-тардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2008 жылғы 4 тоқсан |
| 6.4.2. | Төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жеңу жоспарлары-на міндетті экологиялық бөлімдерді енгізуді қамтамасыз ету | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | ТЖМ (жинақтау), облыс-тардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 15 шілдеге жыл сайын |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6.4.3. | Шаруашылық қызметінің ерекше режимі бар аймақтарды, экологиялық зілзала мен дағдарыс аймақтарын белгілеуді заңнамалық регламент-теуді жетілдіру | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), облыс-тардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 1 тоқсан, жыл сайын |
| 6.4.4. | Қоршаған орта үшін теріс салдарлы диверсиялар мен техногендік авариялардың алдын алу жөніндегі шараларды қабылдау | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ТЖМ | 30 шілдеге жыл сайын |
| 6.4.5. | Табиғи және аграрлық экожүйелерді жоюды тудыратын орман-дала өрттерінің, өнеркәсіптік браконьерліктің, өсімдік шикізатын заңсыз кесу мен дайындаудың алдын алу жөніндегі шаралардың тиімділігіне талдау жүргізу, сондай-ақ табиғи объектілерде және жүйелерде бұзушылық тудыратын тірі организм-дер түрлерін террористік мақсатта әкелу мен таратудың алдын алу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ, ТЖМ | 30 шілдеге жыл сайын |
| **6.5. Генетикалық жағынан өзгерген организмдердің пайдаланылуы мен таратылуын бақылау, карантиндік және бөтен текті зиянды организмдерді енгізудің немесе оның өз бетімен кіруінің алдын алу** | | | | |
| 6.5.1. | Карантиндік және бөтен текті зиянды организм-дердің ел аумағына кіруі-нің алдын алу, олардың таралу ошағын анықтау, оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың тиімділігіне талдау жүргізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ | 30 шілдеге жыл сайын |
| 6.5.2. | Генетикалық жағынан өзгерген организмдерді және өнімдерді бақылау- | Қазақстан Республика- | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сыз әкелудің алдын алу жөнінде ұсыныстар енгізу | сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ | 2008 жылғы 2-тоқсан |
| **6.6. Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық құралдары** | | | | |
| 6.6.1. | Табиғатты қорғау инвестицияларын ынталандыру мақсатында "ластаушы төлейді" қағидатын енгізу моделін әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині | 2009 жылғы 30 шілде |
| 6.6.2. | Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемдер және Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік айыппұл ставкаларын белгілеу әдістемесін жетілдіру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині | 2008 жылғы 30 шілде |
| 6.6.3. | Қоршаған ортаға келтірілген залалды экологиялық сақтандыру жүйесін дамыту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині | 30 қаңтарға, 30 шілдеге жыл сайын |
| 6.6.4. | Табиғи объектілердің орта құру функцияларын, сондай-ақ табиғатты қорғау (экологиялық) жұмыстары (қызметтері) құнын ескере отырып, олардың толық құнын экономикалық көрсеткіштерге қосу әдістерін ғылыми негіздеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), БҒМ | 2009 жылғы 30 шілде |
| 6.6.5. | Қалдықтарды қайта пайдалану және екінші қайта өңдеуді ынталандырудың экономикалық шаралары жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині | 2009 жылғы 4 тоқсан |
| 6.6.6. | Халықаралық шарттармен көзделген қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық қаржылық-экономикалық тетіктерді пайдалануға тәсілдер әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ЭБЖМ | 2009 жылғы 30 шілде |
| 6.6.7. | Орталық Азия өңірінде орнықты дамудың экологиялық-экономикалық аймақтарын құру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), СІМ | 2009 жылғы 4 тоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6.6.8. | Қазақстан Республикасында экономикалық бағалау және экожүйе қызметтеріне ақы төлеудің пилоттық жобасын халықаралық тәжірибе негізінде іске асыру | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині | 2009 жылғы 4 тоқсан |
| **6.7. Қоршаған ортаны қорғауды ғылыми қамтамасыз ету** | | | | |
| 6.7.1. | Қазақстан Республикасының жағдайына қолдануға орнықты даму теориясының ғылыми қағидатын әзірлеу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), БҒМ | 2009 жылғы 30 шілде |
| 6.7.2. | Қоршаған ортаны қорғауды экожүйелік басқаруға ғылыми негіз құру | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), БҒМ | 2009 жылғы 30 шілде |
| 6.7.3. | Кешенді заттық зерттеулер жүргізу негізінде эколо-гиялық аудандастыру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), БҒМ | 2008 жылғы 4 тоқсан |
| 6.7.4. | Жаңғыртылатын биология-лық ресурстарды (орман, су, аңшылық-кәсіпшілік, дәрілік және басқа да), олардың орнықты өсімін молайтуды қамтамасыз ететін, пайдаланудың ғылыми қағидаттары мен технологияларын әзірлеу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ, ДСМ | 2009 жылғы 30 шілде |
| 6.7.5. | Биологиялық алуан түрлі-лікті сақтаудың тиімді әдістерін әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ | 2009 жылғы 4 тоқсан |
| 6.7.6. | Адамдар аурулары мен қоршаған орта сапасының өзгерістері арасындағы байланысты зерделеуді жүргізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), ДСМ, БҒМ | 2009 жылғы 30 шілде |
| 6.7.7. | Тірі организмдердің бөтен текті және генети-калық өзгерген түрлерінің таралуына талдау жүргізу және осы үдерістердің теріс салдарларын бақылау және төмендету әдістері жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АШМ, БҒМ | 2008 жылғы 4 тоқсан |
| | Экологиялық мониторингтің қазіргі заманғы әдісте-рін, сондай-ақ табиғатты пайдалану және қоршаған | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6.7.8. | ортаны қорғау саласында мемлекеттік басқару мақсатында ақпараттық технологияларды әзірлеу-ге және дамытуға ғылыми қолдауды жүзеге асыру | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), БҒМ, АШМ | 2009 жылғы 30 шілде |
| **7. Орнықты дамудың саяси тұғыры 7.1. Ішкі саясат** | | | | |
| 7.1.1. | Орнықты дамуды қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық-саяси салада демократия-лық рәсімдерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Әділетмині (жинақтау), Мәдениет-мині | жыл сайын |
| **7.2. Ішкі саяси іс-шаралар** | | | | |
| 7.2.1. | Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі арқылы орнықты даму сала-сында Қазақстанның баста-малары туралы ақпарат таратуды қамтамасыз ету | Қоршаған-ортаминіне ақпарат | СІМ (жинақтау), Қоршаған-ортамині | 15 шілдеге жыл сайын |
| 7.2.2. | Дамыған және транзиттік экономикасы бар елдердің нарық экономикасын инсти-туттарын дамыту саласын-дағы тәжірибені зерделеу жөнінде халықаралық форумдар өткізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), СІМ | 2008 жылғы 2 тоқсан |
| 7.2.3. | Астана қаласында қоршаған ортаны қорғау министрле-рінің халықаралық конфе-ренциясын өткізу жөнінде ұсыныс енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (дамыту), СІМ | 2008 жылғы 4 тоқсан |
| 7.2.4. | Біріккен Ұлттар Ұйымы Комиссиясының орнықты даму жөніндегі жұмыс және ресми отырыстарына Қазақстан Республикасы-ның қатысуын қамтамасыз ету | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | СІМ (жинақтау), Қоршаған-ортамині ИСМ, ЭМРМ | 30 шілдеге жыл сайын |
| **8. Ақпараттық қолдау** | | | | |
| 8.1. | "Қазақстанның қоршаған ортасын қорғау және оның орнықты дамуы" статисти-калық жинағының жыл сайын шығуын қамтамасыз ету | Статистика-лық жинақ | АС (жинақтау), Қоршаған-ортамині, ДСМ, АШМ, ЖРА | жыл сайын |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | 2008 |
| 8.2. | "Қазақстан - орнықты даму" Интернет-порталын әзірлеу және оның жұмысын жүзеге асыру | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), АБА | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | жылғы 30 шілде |
| 8.3. | Қазақстан Республикасы-ның орнықты дамуы жөнін-дегі "Ақ" кітабын шығару-ды дайындау | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ақпарат | Қоршаған-ортамині (жинақтау), БҒМ | 2008 жылғы 30 шілде |
| 8.4 | Астана және Алматы қала-ларында: "Орнықты даму: әлем, континент, ел" атты I және II халық-аралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), БҒМ, Мәдениет-мині | 2009 жылғы 4 тоқсан |
| 8.5 | Орнықты даму жөнінде бірқатар халықаралық дөңгелек үстелдер өткізу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Қоршаған-ортамині (жинақтау), БҒМ, ДСМ, Еңбекмині | 2009 жылғы 4 тоқсан |
| 8.6 | Бірқатар жетекші әлемдік университеттерде орнықты дамудың өзекті мәселе-лері жөнінде семинарлар өткізу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | БҒМ, (шақырылым) Қоршаған-ортамині | 2009 жылғы 4 тоқсан |

Аббревитуралардың толық жазылуы:

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Мәдениетмині- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қоршағанортамині- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Еңбекмині- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі

Әділетмині- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Қорғанысмині- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпарат және байланыс агенттігі

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

ҚІжТКША - Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК